

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторанты Мустафина Жанар Дуйсембековнаның Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Діни рәміздер: тарихы және қазіргі кезеңі» тақырыбына жазылған диссертациясына

ПІКІР

Қазақстандық дінтану ғылымында зерттелмеген, мәселелер өте көп. Солардың бірі діни рәміздер мәселесі. Диссертация тақырыбы бойынша материал жинақтау барысы осы ойымызды дәлелдей түсті десе болады.

Жалпы символдар туралы философтар мен мәдениеттанушылардың, кейбір тарихшылардың еңбетерінде қысқаша мәліметтер айтылған. Арнайы ғылыми еңбектер ретінде кейінгі жылдары жазылған А.Ә.Рыскиеваның, Н.К.Альджанованың диссертациялық жұмыстарын атап айтуға болады. Бұл жұмыстар диссертацияда қарастырылып, сілтемелер жасалды. Дегенмен діни рәміздерге арнайы зерттеу жүргізілмеген. Осы негіздеменің өзі тақырыптың өзектілігін көрсетеді деп ойлаймын. Қазақстандағы дәстүрлі діндермен қоса, дәстүрлі емес, жаңа діни ағымдардың көптеген бірлестіктерінің ресми тіркелуі олардың діни ілімдерін терең білуді қоя тұрып, сырттай бір-бірінен ажыратып алудың өзі маңызды бола бастады. Себебі көзге көрініп тұрған әр діни рәміздің өзіндік маңызы мен мақсаты бар екенін ұмытпауымыз керек.

Мустафина Жанар Дуйсембековна тақырыпты зерттеуде өте ерекше қызығушылықпен жұмыс жасады. Бұл ғылым жолындағы ізденушілер үшін өте маңызды қасиет. Тақырыпқа қатысты әр кітап, әр диссертация, әр мақала мұқият оқылып, талқыланды.

Белгі мен таңба, бейне мен рәміз қалай пайда болды? Олар қалай байланысады? Эволюция процесінде рәміздің мәні өзгере ме? Діни нышанның «жалпы» таңбадан айырмашылығы неде? Дін тілінің және оның киелі рәміздерінің ерекшеліктері қандай? Киелі рәміздер өзінің делдалдық және танымдық қызметін қалай атқарады? Осы сұрақтардың барлығына жауап алу үшін батыстық, ресейлік және отандық теориялар мен әдіснамалар, ғылыми ұстанымдар басшылыққа алынды.

Диссертацияның бірінші бөлімінде Діни рәміздер және оның тарихи эволюциясы генетикалық және салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану арқылы рәміз түсінігі және діни рәміздер ерекшелігін, олардың пайда болуы мен даму ерекшеліктері зерттелді.

Екінші бөлімде қазіргі діни санадағы рәміздің орны мен қызметі, жалпы дәстүрлі діндер мен дәстүрлі емес діндердегі рәміздердің трансформациясы талданды.

Диссертацияның әр бөліміне қатысты диссертант өз тұжырымын жасап, бұрын ғылымда айтылмаған ойларды ортаға салды. Бұл тұжырымдарды біз диссертацияның ғылыми жаңалығы ретінде ұсындық. Жұмыста қойылған

мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін Мустафина Жанар Дуйсембековна көптеген авторлардың философиялық еңбектеріне салыстырмалы дінтанулық талдау жасады. Тақырыптың пәнаралық ерекшелігіне байланысты жұмыс барысында әртүрлі саланың әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысы жоспар бойынша толық аяқталды, сондықтан Мустафина Жанар Дуйсембековнаның диссертациясын қорғауға жіберуге болады деп есептеймін.

Ғылыми жетекші: филос.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

М. Кіф Борбасова Қ.М.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылым және кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы

ЗАБЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. әл-Фараби

Р.Е. Кудайбергенова

« _____ » 20__

